

п Сен білесің бе?



Әлемнің әртүрлі елдерінде жаңа жылды қарсы алу дәстүрі

Италия. Жаңа жыл күні терезелерден ескі-құсқыны лақтыру дәстүрі басталады.

Италияда Жаңа жыл мейрамы 6-шы қаңтар күні басталады. Италиялық Аяз бабаның есімі - Баббо Наталь. Италияда жаңа жылды ескінің барлығын босап, жаңа жылды жаңамен қарсы алу деген ырым бар. Сол себепті, жаңа жыл қарсаңында италиялықтар өз терезелерінен ескі-құтқандарды лақтырады. Бұл салт, италиялықтарға өте ұнайды, терезелерден ескі-құсқылардың барлығы лақтырылады. Ырымға сәйкес, босатылған ескі-құсқының орны, міндетті түрде жаңамен толтырылады деп болжанады.

Италиялықтардың жаңа жылдық дастархандарында міндетті түрде жаңақ, жасымқ және жүзімдер болуы тиіс, ол - ұзақ өмір, денсаулық және аманыштықтың нышанын білдіреді.

Италияның шет аймақтарында, ежелден келе жатқан салт бар: 1-ші қаңтар күні таңертең ерте тұрып бұлақкөзден су әкеліну қажет. Италиялықтардың айтуы бойынша, - «Егер де сен, жора-жолдастарыңа ештеңе сыйлай алмасаң онда, зәйтүн бұтақшасымен су сыйла». Су бақыт әкеледі деп есептеледі.

Шотландия. Бөшкені дегетпен жағып, көше бойымен жүргізу қажет.

Шотландияда Жаңа жыл мерекесін «Хогмани» деп атайды. Көшелерде мерекені Роберт Бернстің сөздеріне жазылған өлеңмен қарсы алады. Жаңа жыл түні дәстүр бойынша бөшкелерді дегетпен жағып, көшелерді аралатады. Сөйтіп, Ескі жылды жағып, Жаңа жылды шақырады.

Шотландықтар жаңа жылда олардың үйлеріне кім бірінші болып кірсе, келесі жаңа жыл бойы отбасыларында сәттілік пен сәтсіздік соған байланысты деп есептейді. Олардың пікірінше, үйге сыйлық алып келген қара шашты еркек үлкен сәттілік алып келеді. Бұл дәстүр «ферст футинг» деп аталады.

Жаңа жылға ерекше дәстүрлі тағамдар даярлайды: таңғы асқа әдетте сұлыдан жасалған жұқанан, пудинг, ірімшіктің ерекше түрі - кеббен, түскі асқа - пісірілген үйрек немесе бифштекс, бөліш немесе қамырға қыздырылып пісірілген алма.

Қонақтар міндетті түрде жаңа жылдық каминге лақтыру үшін көмірдің кесегін ала келулері

қажет. Дәл түн ортасында ескі жылды шығарып салып, Жаңа жылды кіргізу үшін есіктер айқара ашылады.

Колумбия. Ескі жыл ағаш аяқпен әрлі-берлі жүреді. Колумбиядағы жаңа жылдық карнавалдың басты кейіпкері - Ескі жыл. Ол топтың ішінде биік ағаш аяқпен қыдырып жүреді және балаларға қызықты оқиғалар айтып береді. Папа Паскуале - колумбиялық Аяз ата. Одан артық ешкім от шашуларды жасай алмайды.

Жаңа жыл қарсаңында Богот көшелерінде қуыршақтар шеруі өтеді: машинаның төбелеріне жабыстырылған ондаған қуыршақ күлдіргіштер, жалмауыздар және басқа да ертегі кейіпкерлері Канделария көшелерімен өтеді. Колумбия астанасының ең ежелгі аудандарымен өтіп, қала тұрғындарымен қоштасады.

Франция. Бастысы - бөшкені шараппен құшақтап, оны мерекесімен құттықтау.

Француз Аяз атасы - Пер Ноэль - жаңа жыл түнінде келіп, балалардың аяқ киімдеріне сыйлықтар қалдырады. Кімге боб түріндегі жаңа жылдық пісірілген бөліш тисе, «Боб королі» титулын иеленеді және жаңа жыл түні оның бұйрықтарына барлығы көнеді.

Сантондар - шыршаның маңына қойылатын ағаш немесе саздан жасалған бейнелер. Дәстүр бойынша жақсы үй қожасы - міндетті түрде бір бөшке шараппен шоқынды, оны жаңа жылымен құттықтап, келесі астықтың табысты болуы үшін ішіп қояу қажет.

Финляндия. Аяз Атаның Отаны.

Қар басқан Финляндияда негізгі қыс мерекесі Рождество деп танылады, оны 25 желтоқсанда атап өтеді. Рождество түні Аяз Ата Лапландиядан ұзақ жол жүріп үйге келіп, үй алаңында үлкен көрзеңкеге салынған сыйлықты қалдырады.

Жаңа жыл - Рождествоны қайталау десе де болады. Отбасы қайтадан түрлі тамақтарға толған үстел басына жиналады. Жаңа жыл түні финдіктер өз тағдырларын білу үшін бал ашады, балауыз балқытып, сосын оны суық суға құяды.

Куба. Терезелерден су төгеді. Балалардың жаңа жылы Кубада Корольдер күні деп аталады. Балаларға сыйлықтар әкеліп бе-

ретін Король-сыйқыршыларды Бальтасар, Гаспар және Мельчор деп атайды. Жаңа жыл қарсаңында балалар өздерінің армандары туралы хат жазады.

Кубиндіктер Жаңа жыл қарсаңында үйлеріндегі барлық ыдыстарды сумен толтырып, сосын түн ортасында терезелерден төге бастайды. Сөйтіп, Бостандық аралының тұрғындары Жаңа жылға жарқын және су секилді таза жол тілейді. Сағат 12 соққанша 12 жүзім жеу керек, сонда қайырымдылық, келісім, гүлдену және бейбітшілік сені 12 ай бойы қорғап, қолдап жүретін болады.

Панама. Ең аты шулы Жаңа жыл.

Панамада түн ортасында Жаңа жыл жаңа басталған кезде қоңыраулар сыңғырлап, автомобильдер гуіл-дейді. Панамалықтар өздері, балалары, ересектер айқайлайды және қолдарына түскен заттармен тоқылдатады. Осының бәрі келе жатқан жаңа жылды қайырымды ету үшін керек.

Венгрия. Жаңа жылда ысықру қажет.

Венгрияда Жаңа жылдың «тағдырлы» бірінші секундында ысықруды дұрыс деп санайды, саусақпен ысырмай, балалардың сыбызғысын, түтік тесігін, ойыншық ысықғышын қолданады.

Мерекеге дайындалғанда венгрліктер жаңажылдық тағамдардың сиқырын ұмытпайды: бадана мен бұршақ рух пен тәннің күшін сақтайды, алмалар - көрік пен махаббатты, жаңғақтар - қас-тіреттен, сарымсақ - аурулардан сақтайды, бал - өмірді тәтті етеді деп сенеді.

Чехия және Словакия. Аяз Ата қой терісінен жасалған бас киім киеді.

Түкті тон, биік қой терісінен жасалған бас киім киген, арқасында қорабы бар көңілді адам чех және словак балаларына келеді. Оның есімі Микулаш. Жақсы оқыған балаларға ол әрдайым сыйлық береді.

Голландия. Аяз Ата кемемен жүзіп келеді.

Голландияға Аяз Ата кемемен жүзіп келеді. Балалар оны қуанышпен айлақта күтіп алады. Аяз Ата көңілді ұтыс ойындары мен тосын сыйларды жақсы көреді, балаларға үнемі жеміс-жидек, ойыншықтар, көмпитпен оралған гүлдер сыйлайды.

Қытай. Сені құттықтап жатқан кезде сумен құйыну қажет. Қытайда Буданы шомылту

дәстүрі сақталған. Бұл күні барлық Будданың статуялары храмдар мен монастырларда құрметпен таза тау суымен жуылады. Ал адамдар оларға жаңа жылдық жақсы тілектер айтылып жатқан кезде өздері сумен жуынады. Сондықтан, бұл мереке күні барлықтары су киіммен көшеде жүреді.

Қытай күнтізбесімен есептесек, қытайлықтардың 48 ғасырлық тарихы бар. Осыған сәйкес бұл тарихқа ел 4702 жылы енген. Қытай Жаңа жылының мерзімі 21 қаңтар мен 20 ақпан арасында өтеді.

Қытай күнтізбесімен есептесек, қытайлықтардың 48 ғасырлық тарихы бар. Осыған сәйкес бұл тарихқа ел 4702 жылы енген. Қытай Жаңа жылының мерзімі 21 қаңтар мен 20 ақпан арасында өтеді.

**ҚОЛЖАЗБАЛАР
АВТОРЛАРЫНА КЕРІ
ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ.
ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ
ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ.
ЖАРИЯЛАНЫМ
АВТОРЛАРДЫҢ ПІКІРЛЕРІ
РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН
БІЛДІРМЕЙДІ**

**МЕНШІК ИЕСІ:
М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан
мемлекеттік
университеті.**

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 09.08.2000 ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі 1435 - Г күәлігі берілген.

**Индексі 090000
Таралымы 500**

**РЕДАКТОР:
ШЫНТЕМІРОВА
Гүлсая Каримоллақызы**

**ТІЛШІЛЕР:
СРАЛИЕВА Мейрамгүл
БИЯШЕВА Гүлсезім**

**КОРРЕКТОР:
БЕККУЖИЕВА С.А.
ОПРЯ О.В.**

**БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:
АБДУЛЛИНА Асель**

**ФОТОСУРЕТШІ:
ХАЛЕЛОВ Рафхат**

Сарайшық көшесі, 34, e-mail:
IC_SMI@wksu.kz, тел. 50-76-52



*...Заманымыз - мәдениет Заманы, мәдениетке білім Жеткізеді.
Халел Досмұхамедов.*

**ЖАҢА
ЖЫЛАДАРЫҢЫЗБЕН?**

Құрметті әріптестер!

*Сіздергі Маңа - 2011 жылмен тым әуірестен
құттықтаймын! Маңа жыл - әуірін өткен бір жылға даға
депін, маңа бастамалар мен ізденістерге тым қарама
масаптың, сөзіңе беретін, мақалыңаға ұяттылаптың, маңа
ойлауға тым сілтейтін ерекше сипаттағы айтулы мереке.
Сондықтан да маңа бастамаларыңыз деп әуіреліңізге зор
мақсаттар тілеймін. Маңа жыл отбасыларыңызға әуіреліңіз
мақалыңызға әкеліп! Әуіреліңізге дағ - береке,
қамқорлыққа - игілік, мемлекетімізге - мақсатты,
ал әр шаңыраққа - амандық, бақпен пен шаттық, тілеймін.*

Маңа жыл - құттық жыл болсын!

Құрметпен, ректор Тұяқбай Зейтұлы!



Дәстүрлі ректор шыршаасы



Жаңа жыл – жаңашылдықтың бастамасы. Бұл мейрамды барлығы үлкен үмітпен күтеді. Келе жатқан жылда жаңа табыстар, жаңа бақыт болады деп сенеді. Жарты ғасырдан астам тарихы бар оқу ордамызда да бұл мейрам жоғары деңгейде жыл сайын аталып өтіледі. Бұған дәлел ретінде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін жаңа жылдық «Ректорлық бал» мерекелік шарасын ерекше атап өтуге болады. Жаңа жылдық шараға оқу ордамыздың басшылығы ректор Т.З.Рысбеков, I проректор Ә.С.Тасмағамбетов, ғылыми жұмыс және халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры Ә.Қ.Мұқтар, «Жас дәурен» балалар кешенінің директоры Ж.Д.Құмарғалиева, Орал қаласындағы отбасы үлгісіндегі балалар үйінің директоры Ғ.Ә.Сенғалиева, институт директорлары мен факультет декандары, студенттер қатысты.



Өткізіліп келе жатқан шара студенттер тарапынан қолдауға ие болып, олардың әлеуметтік жағдайларының жақсаруына септігін тигізуде. «Ректорлық бал» мерекелік шарасының өтуіне байланысты жоғарыдағы студенттерге жаңа жылдық киім алуға университет ректоры, академик Тұяқбай Зейітұлы қаражат бөліп, оларға естелік ретінде сыйлықтар (БҚМУ фирмалық пакеті, футболка, бейсболка және басқа да) табыс етті.

Жаңа жылдық «Ректорлық шыршаға» арналған «Несмеяна в царстве детства» атты театрландырылған қойылымы көрсетілді.

Студенттер мен шақырылған қонақтарға арнайы мерекелік дастархан жайылып, шара барысында түрлі ойындар ойналды. Мерекелік торт дайындалып, барша қатысушылар тәттіден дәм татып, жаңа жылды қарсы алды. Балға белсенді қатысқан студенттер кеш соңында бағалы сыйлықтармен және ойыншықтармен марапатталды.

«Ректорлық бал» мерекелік шарасы жоғары деңгейде өтті. Балға қатысушылар ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, жылы лебіздерін айтты.

Үстіміздегі жылы халықаралық ынтымақтастық қызметі алыс және жақын шетел жоғары оқу орындарымен халықаралық байланыстарды ұйымдастыру және дамыту жұмысы бойынша бірқатар елеулі жұмыстар атқарды. 2010 жылы БҚМУ алыс және жақын шетел жоғары оқу орындарымен 11 келісім-шартқа қол қойды. Атап айтар болсақ, Түркияның Гази университеті (12.03.10ж.), Чернышевский атындағы Саратов мемлекеттік университеті (20.01.10ж.), Самара мемлекеттік мәдениет және өнер академиясы (29.04.10ж.), Тольятти мемлекеттік университеті (4.05.10ж.), Самара мемлекеттік университеті (29.07.10ж.), РҒА Урал бөлімшесінің дала институты (11.08.10ж.), Поволжье мемлекеттік әлеуметтік-гуманитарлық академиясы (13.08.10ж.), Орынбор мемлекеттік аграрлық университеті (27.08.10ж.), Қырым инженерлік-педагогикалық университеті (2.09.10ж.), Таврия ұлттық университеті (1.10.10ж.), Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті (22.11.10ж.).

Білім ордасының халықаралық байланыстары жайында

2009/10 оқу жылында 41-ге тарта ПОҚ, магистранттар мен студенттер конференцияларға, семинарлар мен жобаларға қатысу үшін алыс және жақын шет елдерге іс-сапарға шықты.

Университетіміздегі география кафедрасы РҒА Орал бөлімшесінің Дала институтымен, Башқұрт мемлекеттік университетімен және Ақмола атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университетімен ынтымақтастық қатынастар орнатқан. Осы жылы кафедра доценті мен магистранты Орынбор мемлекеттік университетінің география және геоэкология кафедрасына барып, ынтымақтастықтың ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстары жөнінде келіссөздер жүргізіп, Орынбор мемлекеттік педагогикалық институтындағы магистратура, аспирантура оқулары бойынша мәліметтер алып келді. Сапар барысында РҒА Орал бөлімшесінің Дала институтымен арадағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

2010 жылы география ғылымдарының докторы А.А.Чибилевтың ғылыми жетекшілігімен 3 магистрант магистрлік диссертацияларын сәтті қорғады. Ал біздің университеттен Э.Ж.Имашев Башқұрт мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқуда. Сондай-ақ кафедра оқытушысы М.А. Галимовтың Ақмола атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университетіне сапары барысында қосдипломдық білім бойынша екі университет арасындағы келісімге қол қойылды.

2010 жылы Й. Гутенберг атындағы университетпен жасасқан келісім-шарттың негізінде студенттермен, магистранттармен және оқытушылармен алмасу жұмысы барысында бакалавриат бойынша Германияның Майнц қаласына 4 курс студенті М. Алексеев 2008 жылдың қазанынан – 2009 жылдың шілде айына дейін оқуын сәтті бітіріп, Берлиннің Техникалық университетіне оқуға түсті. Және магистрант Л. Кайль 2009 жылдың қазанынан-2010 жылдың сәуіріне дейін оқуға барып келді, магистратура бойынша 2 курс магистранты Б. Базарова 2010 жылдың 1 қазанынан – 2011 жылдың 30 наурызына дейін магистрлік диссертацияның ізденушілік жұмыстарымен Й. Гутенберг университетінің кітапханасы мен мұрағатына жұмыстануға жіберілді. PhD бағдарламасы бойынша ағылшын тілін оқытудың теориясы мен практикасы кафедрасының

оқытушысы В.Зубков оқуға түсті. Өз кезегінде Й. Гутенберг университетінің студенттері Инга фон Рюлинг пен Юлия Бурхард біздің университетте «орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша 1 семестр оқып білім алды. Ал, Германиядан 1 студент А.Вилль 2010-2011 оқу жылында 1 курсқа қабылданып «Туризм» мамандығы бойынша білім алуда.

Түркияның Гази университетімен жасалған келісімнің негізінде БҚМУ-дың «шет тілі», «туризм», «халықаралық қатынастар» мамандықтарының 25 студенті 1 шілде – 30 қазан аралығында жазғы тәжірибелерін Түркияның Анталья қаласының отельдерінде сәтті өтті.

Қосдипломдық бағдарлама бойынша Польшаның Быдгощ қаласындағы Халықаралық туризм және мәдениет институтымен жасалған келісімнің негізінде БҚМУ-нің «шет тілі» және «туризм» мамандығының 11 студенті 2010 жылдың 4 ақпан - 30 сәуір аралығында Быдгощ қаласының Халықаралық туризм және мәдениет институтында «туризм» мамандығы бойынша білім алып, нәтижесінде I курсты тәмамдаған сертификат алды. Ал, 2010 жылдың 13 қарашасынан – 2011 жылдың 30 қаңтарына дейін БҚМУ-дың «шет тілі» мамандығының 4 студенті Г.Есбергенова, А.Сисекешова, Г.Жанзақова, А.Арыстанова Польшаның Быдгощ қаласындағы Халықаралық туризм және мәдениет институтына қосдипломдық бағдарлама бойынша оқуға кетті.

2010 жылы БҚМУ мен Ресей Халықтар достастығы университеті бірлескен «Менеджмент» бағыты бойынша 18 магистрант оқуға қабылданды. Ал, 22.11.09-3.12.10ж. аралығында БҚМУ-нің 37 магистранты Ресей Халықтар достастығы университетіне магистрлік стажировкаға жіберілді.

2010 жылы оқытушылар алмасу жұмысы бойынша тілдерді оқып-үйренудің практикалық курсы кафедрасының оқытушысы М.Барадосова 3.02.10-28.02.10ж. аралығында Польшаның Быдгощ қаласына туризм, мәдениет және шетел тілдерін оқыту үшін барған болатын. Аталған кафедраның аға оқытушысы Г.С.Омарова 10-23 сәуір аралығында Астрахань мемлекеттік университетінің филология факультетінің сырттай бөлімінің студенттеріне дәріс беру үшін барып келді. 2-3 қараша күндері мәдениет және өнер институты-

ның директоры М.М.Нағымова Самара мемлекеттік мәдениет және өнер академиясына барып, дәріс оқыған еді. Ал, Ресейдің Орынбор дала институтынан география ғылымдарының докторы А.А.Чибилев келіп, география кафедрасында лекция оқыған. Және Самара университетінің профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы Е.Я.Коган информатика кафедрасында дәріс оқуда. Сондай-ақ, Саратов мемлекеттік университетінен педагогикалық ғылымдардың кандидаты, доцент В.А.Прудникова және Саратов университетінен Калезина 2 семестрде студенттерге дәріс оқымақшы.

2010 жылы Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В. (КПО) компаниясы Қазақстанның дарынды студенттеріне 2010-2011 жылдарға арналған гранттық бағдарламасы жөнінде хабарлаған болатын. Бұл бағдарламаға М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің әртүрлі мамандықтарының студенттері қатысты. 2010 жылдың КПО Б.В.ның гранттарын тағайындау комитеті стипендиаттарды іріктеп, соңғы шешімін қабылдады, осы конкурстың жеңімпазы болып университетімізден «Экономика» мамандығының студенті Д.Кадралиева жарияланды.

Жақында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде АКЕАС шетелдерде білім беру жөніндегі консультациялық орталығының (Ақтөбе қ.) өкілі Қ.Исенғалиевамен кездесу болып өтті. Кездесуге университетіміздің шет тілдер және экономика факультеттерінің студенттері қатысты. Кездесу барысында Қ.Исенғалиева орталықтың атқаратын қызметін және оның негізгі бағдарламаларын студенттерге таныстырып, соңында студенттердің сауалдарына жауап берді.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-де Қазақстандағы АҚШ елшілігінің ағылшын тілі бағдарламалары бойынша аймақтық директоры Самьюэль Гарольдпен кездесу өтті. Кездесуге БҚМУ-нің филология факультетінің ағылшын тілі мамандары қатысты. Кездесуді университет проректоры Ә.Қ.Мұқтар жүргізді. Кездесу барысында Самьюэль Гарольд пен ағылшын тілі бағдарламаларының координаторы Петерова Ольга оқытушыларға АҚШ-тағы ағылшын тілі бағдарламаларының сұрақтары бойынша лекция оқыды. Кездесу соңында БҚМУ-нің оқытушылары өз сұрақтарын қойып, қонақтарға алғыстарын білдірді.

«Темпус» бағдарламасының «Персеус» жобасы бойынша университетіміздің халықаралық ынтымақтастық қызметіне 5000 € көлемінде құрал-жабдықтар алынды. Бұл жобаның мақсаты - қолданбалы ғылыми зерттеулерді және инновацияны дамыту болып табылады. Сонымен қатар, университетіміз «Темпус» бағдарламасы бойынша Поволжье мемлекеттік сервис университетімен біріге отырып, қолданбалы информатика бойынша екі деңгейлі оқу бағдарламасын шығару жобасымен жұмыс істеуді жоспарлауда.

Немістің DAAD бағдарламасы бойынша М.С.Пузаткина Германияның Фульда қаласының университетінде магистратурада оқуда.

IREX бағдарламасы бойынша Утешева А. АҚШ-дағы оқуын тәмамдады.

Халықаралық қатынас бөлімі.





Өткен тарихымызға көз жүгіртсек, аумағы ұшқан құстың қанатымен, жер табын қуырған тұлпар тұяғының дүбірімен өлшенген кең де келісті өлкені мекендеген «қазақ» деген елміз. Тағдырымыз таразыға түскен шақтарда «күмбір-күмбір кісінетіп, күрөнді мініп», «қоңыраулы найза қолға алып, қоңыр салқын төске алып», жауына атой салған батыр бабаларымыздың ерлігіне сүйендік. Құт дарып, қыдыр қонған қасиетті жеріміздің, қабырғалы жұртымыздың шаңырағын шайқалтпауға жанын салған, теңдік пен татулықты ту өтіп ұстатқан, «бастаса елдің көсемі, сөйлесе сөздің шешені» болған қазына кеуде қарттарымыздың, қылыштың қыры, найзаның ұшына қасқая қарсы тұрған азамат ағаларымыздың арқасында еліміздің іргесі сөгілмей бұл күнге жеттік.

«Елу жылда – ел жаңа» дегендей, Қазақстан дербес, егеменді ел болып танылып, дүниежүзілік аренаға шығып, үлкен беделге ие болғандығын мақтан тұтамыз. Шет мемлекеттер өздерінің елшіліктерінен ашып, Қазақстан Республикасының елшіліктері мен өкілдіктері де шет мемлекеттерде ашылып, қызмет жасауда.

2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-да басшылық жасауы, біздің еліміздің әлемдік аренада үлкен беделге ие болғанын және осы мақсатта Қазақстан тарапынан жүргізіліп жатқан іс-шараларға алпауыт мемлекеттер – АҚШ, Ресей, тағы басқа еуропа мемлекеттерінің қолдау көрсетуі біздің Тәуелсіз елімізді дүние жүзіне өзін құқықтық мемлекет ретінде жоғары дәрежеде таныта

әлеуетін, халықаралық деңгейдегі беделін ескергендігі барша қазақстандықтарға аян. Бұл біздің тәуелсіз Қазақстанды әлемдік қоғамдастың мойындағанының белгісі; елімізде табысты жүзеге асырылған реформаларды және еліміздің ұстанған салиқалы саясатын ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің жоғары бағаланғандығының нәтижесі; Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жеке беделінің арқасы деп түсіну қажет. Қазақстанның халықаралық беделі мен мемлекет басшысының бейбітшілікті нығайту жолындағы ерен еңбегін әлемнің мойындауы – бұл Астанада ЕҚЫҰ Саммитінің өтуі болып табылады. Еліміздегі ұлтаралық татулық пен

Менің Отаным - ҚАЗАҚСТАН

білуінің толық дәлелі деп білуіміз керек. Осы жоғары деңгейге көшбасшымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен егемендіктің, тәуелсіздіктің аясында қол жеткіздік деп мақтанышпен айта аламыз.

Еңселі еліміздің ертеңі болар келер ұрпақты, ұлтжанды азаматтарды тәрбиелеуде елеулі рөл атқарып, салиқалы да көреген саясат ұстанып келе жатқан М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті қараша айының 29 жұлдызында «Менің Отаным – Қазақстан!» атты Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіне байланысты арнайы акция өткізді. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы тарихында мұсылман елдері мен ТМД кеңістігіндегі мемлекеттер арасында төрағалық ету құқығының Қазақстанға тапсырылуы біздің еліміз үшін үлкен мәртебе. 1-2 желтоқсан аралығында Елордамыз Астана қаласында ЕҚЫҰ Саммиті оздырылуына орай, еліміздің барлық оқу орындарында түрлі акциялық шаралар өз жалғасын табуда. Біздің университетіміз де осынау игі бастамаларды қолдау мақсатында көптеген маңызды шаралар өткізіп, өз үлесін қосуда. Егемен еліміздің тең құқықтық мәселелерін қамтып қана қоймай, жалпы қоғам дамуындағы айтарлықтай өркениетті шаралардың арқауы болған біздің университетіміз түрлі саяси мәселелерге өз үлесін қосып келе жатқаны айғақ. Демократиялық принциптерге сүйене отырып, жарқын болашаққа жол ашқан, еңселі еліміздің ішкі-сыртқы саясатына өзіндік ықпал жасай алатын, білімді кадрларды даярлауда университетіміз көптеген істер атқарып келеді.

ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер ұйым төрағалығын Қазақстанға бергенде, еліміздің барлық саладағы үрдістерін, қол жеткізген табыстарын, саяси және экономикалық

келісімнің бірегей моделінің, республиканың тәуелсіздік жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жетістіктерінің нәтижесін әлем мемлекеттерінің түгелдей мойындауы - біздің Еуразия барысына айналуымызға салынған сұрмелі соқпақ екені даусыз.

Үстіміздегі жылдың 14 қаңтар күні мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету қызметіне кірісуіне орай Үндеу жариялаған болатын. Үндеуде еліміздің өз миссиясын атқаруда қандай ұстанымды алға тартатынын жария етті. Қазақстан төрағалығының ұраны төрт «Т»-ға негізделген. Яғни, «траст» - сенім, «традишн» - дәстүр, «транспаренси» - ашықтық, «толеранс» - төзімділік ұраны таңдап алынды. Астанада ЕҚЫҰ Саммитінің өтуі осы сенім, дәстүр, ашықтық, төзімділік ұранымен қарастырылған.

Республиканың «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасы еліміздің ЕҚЫҰ-ға төрағалық етудегі өзіндік «Жол картасы» болды. «Қазақстандық жолды» ұстану бізді Еуропамен барынша терең саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени гуманитарлық байланыстарға кеңінен жағдай жасауға мүмкіндік туғызды. Өзінің аз ғана тәуелсіздік жолында егемен Қазақстанды әлемнің жаппай таныуы, бұл - елбасының көрегендігінің, сара саясатының, білгір басшы, сардар саңлақ екендігінің дәлелі.

Ендеше, Елбасымыздың сөзімен айтсақ, Біз ұлы жолға шықтық, арманды сапарға аттандық. Қолымызда – тәуелсіздіктің көк туы. Елтаңбамызда – бар халықтың басын біріктірген киелі шаңырағымыз.

Арманымызды алға апарар қанатты парактарымыз бар! Лайым бетімізден жарылқасын!

Өз тілшіміз.

Слов драгоценные клады...

Как говорил великий Карамзин “История ума представляет две главные эпохи: изобретение букв и типографии; все другие были их следствием. Чтение и письмо открывают человеку новый мир...”

4 декабря в рамках Методической недели мы, студентки-русисты первого курса, участвовали в необычном занятии по Введению в языкознание (преп. Донскова Г.А.) Сначала мы познакомились с «устройством книги», узнали много новых терминов, обозначающих части обложки, переплута, страниц. Ответили на вопросы викторины по теме «Книголюб», за лучшие ответы студенты Мухамедьярова Р. и Митрофанова Н. получили призы. Затем ст. лаборант кафедры общего языкознания Н.С.Валитова показала нам выставку словарей и научных трудов ППС кафедры. Стало ясно, что любую информацию по языкознанию и литературоведению можно получить в кабинете русского языка и литературы (ауд. 317).

Затем экскурсию продолжил рассказ зав. Отделом комплектования и обработки литературы Днекешевой Г.Б., которая рассказала много интересного о сокровищах, выставленных в музее редких книг, о том, как создавалась и развивается библиотека ЗКГУ им. М.Утемисова. Сколько потрясающих древних изданий мы увидели: деревянные переплуты, кожаные обложки, золотое тиснение, яркие иллюстрации!... Мы почувствовали себя путешественниками в глубь веков. А сколько трудов наших преподавателей! Какие творческие люди работают здесь!

Спасибо за интересную экскурсию сотрудникам ЗКГУ им. М.Утемисова Днекешевой Г.Б. и Валитовой Н.С. Хочется, чтобы все студенты активно использовали книги в своей научной работе. Мы можем гордиться тем, что учимся в университете с такой богатой библиотекой и работниками, щедро открывающими перед нами «слов драгоценные клады»...

Наталья Митрофанова, староста группы 03104

ОТАН ТУРАЛЫ ЖЫР

Қазақстан – асыл мекен, Отаным,
Қымбат маған әрбір өзен, әр тауым.
Отан деген қасиетті, асыл сөз,
Отанымға бұл жырымды арнадым.

Отан, Отан – туған жері әр жанның,
Алғаш ана ақ сүтінен нәр алдым.
Әліссе де, беріспеген ешқашан,
Кіндік қаны тамған жері бабамның.

Отан, Отан - құтты мекен, кең өлкем,
Табиғаты қандай әсем, еді көркем.
Жазира дала ауасымен тыныстап,
Жазық, жазық далалармен мен келем.

Отан, Отан – кең жүректі қазағым,
Талай тарттың зар заманның азабын.
Қиындыққа қарсы тұрған мойымай,
Ер жүректі Алашымға ризамын.

Отан, Отан – қасиетті тілімің,
Әлі күнде естіледі үнің шын.
Сөз байлығы таза алтын қорындай,
Қазақ тілім – мәртебемсің, жырымсың.

Қымбат маған көк байрақ пен елтаңбам,
Қымбат маған маржан сөзді Әнұран.
Бәйтерегім – бас қаламның символы,
Қымбат маған ең жас қалам – Астанам.

Қазақстан – мәңгі менің жырым да,
Талай тарих шежіресі бар мұнда.
Қазақ елін, қазақ жерін көркейту,
Келер ұрпақ! Ендігі сенің қолыңда.

Тәуелсіздікті мақтан етемін...

Тәуелсіздік... Бұл сөз әрбір тәуелсіз мемлекеттің азаматы үшін үлкен мағыналы сөз. Себебі тәуелсіздік үшін кімдер күреспеді, кімдер қан төкпеді? Қазақ даласы емін-еркін тыныстап, азаттықтың ауасын сіміріп, бодандықтың күйін кешкенін тастағалы биыл, міне, 19 жыл болды. «Ғасырлар бойғы арманымызға жеттік пе» деген қуаныш пен ертеңі күнге сенім жетелеген - 19 жыл. Бұл – қазақстандықтардың жүрегіне жара салған желтоқсан, бірақ тәуелсіздік жолына шырақ болған желтоқсан. Талайлар жанын тәсілім етіп, көз жасын көл ете төккен Тәуелсіздік таңының орны сондықтан да барша қауымға аса қымбат.

Биыл Желтоқсан қозғалысына 19 жыл толып отыр. Сол он тоғыз жыл уақытта біз Желтоқсанға өз бағасын бере алдық па? Біз, жастар Желтоқсан қозғалысы жөнінде деректі фильмдерден көріп, кітап, газет-журналдардан ғана оқыдық. Мектеп оқушылары Қайрат, Ләззат, Сәбиралардан басқаны білдікпемейді. Жастардың көбісі де сондай деңгейде. Сол себептен де желтоқсан қозғалысы жөнінде ақтаңдақ беттерді ашып, әлі де көбірек жазу керек деп ойлаймын.

Қазіргі қоғамдағы жағдай бірқалыпты

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢДАРЫНА ҚАЛҒАН АМАНАТ



Алыстан «Алаш» десе - аттанамын,
Қазақпын - «Қазақ» десе мақтанамын.
Болғанда өкем - қазақ, шешем - қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанамын!
Міржақып Дулатов

Тәуелсіздік, азаттық, теңдік үшін күрескен ата-бабаларымыздың арқасында бүгінгі «жегеніміз алдымызда, жемегеніміз артымызда» жағдайына жеткеніміз де анық. Шындығына келгенде, қазіргі жастардың тойлап жүрген «Студенттер күні», «Халықаралық әйелдер күні» секілді мейрамдарының шығу тегі азаттыққа байланысты. Мысалы, «Студенттер күні» 1946 жылы Прагада ел саясатына қарсы шыққан студенттерді жазалап, құрбан қылғаны анық болса, «Халықаралық әйелдер мерекесі» де әйел баласына теңдік, бостандық беру керек деген ұранмен басталып, нәтижесіне жеткен мереке еді. Міне, азаттық үшін тарихи күрестерді қоспағанда, мейрамға айналған толқулар да жетерлік. Елбасымыз: «Тәуелсіздіктің біздің бөрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шыңдап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан басқа ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. Не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік дегім келеді. Әсіресе, жастар, салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашан да достыққа адал болса, бауырмал, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе деп тілейік»- дегендей, арзан ұранға жол бермей, ұлттық құндылықтарымызды бағалағанымыз жөн. Ұлттық құндылығымыздың бастысы толғауы жеткен «Тіл мәселесі» болмақ. «Жібекті түте алмаған, жүн етеді» дегендей ұлтымыздың рухын азырып, тілімізді тоздырып алмас үшін өзге тілді біліп, өз тілімізді құрметтеп, Мемлекеттік тіл ғана емес, одан әрі дәрежесін көтерсек болғаны. «Мен қазір «Егеменбіз, тәуелсізбіз!» деген шырын сөздерге бұрынғыдай масаттанбайтын болып барамын. Ол - ол ма, азаттық алғанымызға да сенім азайды. Алматыда жүрсем де - шет елде жүрген сияқтымын. Қала толы жарнама. Бұрын орысшасы көпте - ептеп түсінші едім, енді не жазу екенін мүлде түсінбеймін» деген болатын жазушы Шерхан Мұртаза. Біз, Тәуелсіз Қазақстан деген аты бар елміз. Атымызға затымызды сайлау бізге қалған парыз. Сол себепті, біріншіден, «жан беріп, жан алысқан» бабаларымыздың мұраға қалдырған ұлтарақтай жерін, тілін, дінін сақтаған абзал!

Г.БИЯШЕВА.

болғандықтан, жастар жағынан ұлтжандылық сезім самарқау көрініс табуда. Жастар еліне еңбек етуден гөрі, өзі үшін еңбек етіп, өзіндік жетілдіре түссем дейді. Отанды қорғау түгілі, өз ата-аналары алдындағы борышты түсінбей жүргендер де бар.

Адам өткеніне қарайлап, одан үлгі алып, болашаққа қадам басуы қажет.

Біз, сол желтоқсаншылардың іні-қарындастары, ұл-қыздары оларға қарағанда еркіндеу, қайсарлау, қайраттырақ, ақылдырақ, білімдірек болуымыз керек.

Өйткені, ата-бабаларымыз, аға-апаларымыз алып берген тәуелсіздіктің туын жоғары ұстау оңай емес, ол үшін әрбір қазақ жастарының Отанға деген сүйіспеншілігі бірінші орында тұрса, барлық қазақстандықтың тілегі бір жерге тоғысса, бізге одан артық не керек, яғни, достықтан, татулықтан асқан қандай ұлттық идеология қажет бізге?

Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын!

Мейірім ЖОЛЫМБЕТОВА,
3 курс студенті.





Алматы қаласында ағымдағы жылдың 23-24 қарашасында ҚР Білім және ғылым министрлігі Жастар саясаты департаменті және Қазақстан жастары Конгресінің ұйымдастыруымен жас саясаттанушылар мен әлеуметтанушылардың I Орталық Азиялық Конвенті болып өтті.

Жас саясаттанушылар мен әлеуметтанушылардың I Орталық Азиялық Конвенті

Аталмыш шараға республикамыздың 7 облысының, Астана және Алматы қалаларының 20-ға жуық ЖОО-ның оқытушылары, студенттері, магистранттары, ғылыми-зерттеу институттары мен сараптамалық құрылымдардың өкілдері, көрші елдердің мамандары келді. Батыс Қазақстан облысы атынан делегат ретінде М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың тарих және құқық факультетінің саясаттану және әлеуметтану пәнінің аға оқытушысы, т.ғ.к. Хайдаров Есқайрат және әлеуметтану мамандығының 4 курс студенті Нұғманов Аслан қатынасып қайтты.

Конвенттің жұмысында Қазақстандағы, сондай-ақ Орталық Азиядағы саяси және әлеуметтік ғылымдардың даму ерекшеліктері, бағыттары, болашақ мүмкіндіктері және аймақтағы саяси оқиғалар, интеграциялық процестер талқыланып, Ерлан Карин («Нұр Отан» ХДП), Нұрлан Сейдин (Президент жанындағы Стратегиялық зерт-

теулер институты), Ғабит Иренов (Аймақтық саяси зеттеулер орталығы), Қаныбек Иманалиев (Қырғыз депутаты), Рүстем Қадыржанов (Философия және саясаттану институты), Айдос Сарым секілді еліміздің жетекші саясаттанушылары мен әлеуметтанушылары жас ғалымдармен тәжірибелерімен бөлісіп, пікір алмасты.

Ұйымдастырушылар өткізген Қазақстанның 2020 жылға дейінгі даму стратегиясын жастар арасында насихаттау бағытындағы «Қазақстан портреті – 2020: болашақ, болжамдар және сценарийлер» атты интерактивтік ойыны қатысушылар үшін қызықты болды. Мұнда жас сарапшылар 3 топқа бөлініп, еліміздің болашақ дамуы бойынша өз болжамдарын ұсынды.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ басшылығы мен оқытушылары тарапынан студент жастарға саяси білім беруге, патриоттық тәрбиелеуге ерекше мән беріледі. Бұл тұрғыда Елбасы



Н.Ө.Назарбаевтың саликалы саясаты мен Үкіметтің реформаларына қатысты жастар арасында үгіт-насихат жұмыстары кеңінен жүргізіліп келеді. Болашақта өз өңіріміздегі жастардың да саясаттанушы және әлеуметтанушы мамандығына қызығушылығы арта түседі, – деп есептейміз.

А.М. НҰҒМАНОВ,
07404 тобының 4 курс студенті.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ Ғылыми кітапханасы университеттің ақпараттық орталығы ретінде университеттің оқу процесіне керекті ақпаратпен, оқулық және оқу құралдарымен, электронды тасымалдағыш құралдардағы ақпараттармен студенттерді қамтуда маңызды рөл атқарады.

Ақпарат алудың жаңа мүмкіндіктері

Оқырмандардың ақпараттық мәдениетін қолдай отырып, кеңейтілген ақпарат көзін ұсыну төмендегідей жұмыстар арқылы атқарылады:

- оқу процесі мен оқырман сұраныстарына сай және еліміздің мәдени, құнды деректері негізінде кітап қорын жасақтау;
- университеттің, аймақтың, жалпы елдің ақпараттық ресурстарына жол ашып, кітап қоры негізінде жұмыстана отырып, пайдаланушыларға нәтижелі қызмет көрсету;

- кітапхана қызметін кафедралармен, ғылыми және қоғамдық ұжымдар қызметімен үйлестіру (байланыстыру);
Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапханасы - электронды білім беру ресурстарын бір ортаға шоғырландыру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігінің (03.06.2009ж.) №260 Бұйрығы негізінде құрылды.

Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапхана (РЖООЭК) жүйесіне М.Өтемісов атындағы БҚМУ ғылыми кітапханасынан жіберілген электрондық мәліметтер алғашқылардың бірі болып қабылданды.

РЖООЭК жүйесін қолдау мақсатында М.Өтемісов атындағы БҚМУ меморандумға қол қойды.

РЖООЭК жүйесіне кіргеннен кейін мынадай мүмкіндіктерге ие болды:

- Интернет желісі арқылы «е-Білімгер» порталынан барлық ЖОО ресурстарын қарап, ақпарат алуға;
- ЖОО өзара оқу әдебиеттерімен,

пәндердің оқу-әдістемелік кешенімен, ғылыми мақалалармен алмасуға;

- РЖООЭК жүйесін интернет желісі негізінде ЖОО кітап қорымен танысқаннан кейін, қажет оқулықтарын сол кітапханаға кіріп оқуға мүмкіндік алуға;

- Магистранттар мен студенттердің ғылыммен айналысуына, диссертация, дипломдық жұмыс жазған уақытта электрондық кітапхана қорын пайдалануға.

РЖООЭК пайдалану «Келісім шарттың» қаржылық қарым-қатынасы бөлімінде көрсетілген.

Электронды каталог базасында республикадағы беделді, бетке ұстар жоғары оқу орны кітапханалары қорынан берілген оқулықтардың, оқу құралдарының, ғалымдардың мақалаларының түпнұсқасы жіберілген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен 2009 жылғы 20 желтоқсанда Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің базасында Жоғары оқу орындары арасында республикалық электрондық кітапхананың және университет порталының тұсаукесері өткізілді.

ҚР Білім және ғылым министрлігі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті РЖОО ЭК жұмысын бақылап отырады. Ал жұмысқа ҚР ЖОО Ассоциациясы тікелей басшылық жасайды. Электронды кітапхананың ресурстар қорын құраушы электронды оқулықтар, басылымдар, газет-журналдар және конференция материалдары.

Электронды каталогты пайдалана отырып, базада бар басылымдардың электронды түпнұсқасын оқуға болады. Студент өзінің кітапханасын қалай пайдаланса, бұл

электронды кітапхананы солай пайдалана алады.

Студенттер электронды кітапхана қорына кіріп кітап оқу үшін М. Өтемісов атындағы БҚМУ ғылыми кітапханасының № 102 «электронды оқу залында» компьютерлерден оқи алады. Интернет жүйесіне компьютерлер қосылған. КазРена сайты <http://www.rmeb.kz>.

Республикалық ЖОО аралық электронды кітапхана базасына біздің кітапханадан мынадай мәліметтер жіберіледі.

1. БҚМУ ғалымдарының оқулықтары мен оқу құралдары.

2. Мерзімді басылымдар категориясы (конференция материалдары).

Қазіргі таңда университет кітапханасының 300-дей электронды мәліметтер қоры РЖООЭК базасына жіберілді.

Электронды кітапханадан мәліметтер алу, іздеу арқылы іске асырылады. Ол әдеттегідей авторы арқылы, кілт сөздерімен, басылым атымен іздестіріледі.

Электронды кітапхананың даму жоспарында университет «БҚМУ ғалымдары» Хабаршысының толық мәтінін, гуманитарлық және педагогикалық, экономикалық ғылымдар саласында шыққан жаңа оқулықтар мен оқу құралдарын жіберу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, 2011 жылғы жоспарға университеттің сирек кездесетін кітаптар қорының электронды нұсқасын жіберуді енгізіп отырмыз.

Г.З. ТАУШЕВА,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ Ғылыми кітапхана директоры.

В ноябре 2010 года нам – мне и еще 4 магистрантам-филологам Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова Исмагуловой Г., Дюсембиной Г., Исановой А.(кафедра казахской филологии), Кабасовой Л. (кафедра теории и практики обучения английскому языку) посчастливилось пройти «Магистерскую стажировку по актуальным вопросам билингвизма, полилингвизма, теории и практике перевода» в Российском университете дружбы народов (РУДН) г.Москвы.

Магистерская стажировка в РУДН



Нам с трудом верилось в то, что мы попали в этот вуз, где получили образование многие известные деятели культуры и политики, в том числе и премьер-министр нашей страны Карим Масимов.

Стажировка длилась 10 дней: с 22 ноября по 1 декабря. Каждый день стажировки приносил нам много новых впечатлений, знаний, знакомств, эмоций.

До Москвы мы добрались на самолете, всего 2 часа – и мы оказались в аэропорту Домодедово. Москва встретила нас по-родственному, погода была такая же, как и в Уральске. За-



тем еще 2 часа на автобусе: холмистая местность, деревья, огромные высотные здания, и, наконец, мы в РУДН! Затем знакомство с руководителями стажировки Бахтикиреевой Улданай Максумовной и Рубцовым Вячеславом Николаевичем, расселение в общежитие на шестнадцатом этаже, позднее более официальное собрание в Институте иностранных языков (ИИЯ) РУДН и знакомство с программой стажировки.

Профессора и преподаватели ИИЯ и Университета (У.М. Бахтикиреева, В.П.Синячкин, В.В.Дронов, Н.В. Болдовская, Л.А.Терентьева, Н.А. Савченко, О.И.Руденко-Моргун) прочитали нам цикл лекций по актуальным вопросам русско-казахского билингвизма и профессионального триязычия (русский, казахский, английский). В ИИЯ при участии издательства «Макмиллан» был организован семинар по новым технологиям в изучении английского языка. Также мы посетили студенческую научную конференцию «Французский язык в период глобализации», посвященную году Франции в России, где познакомились с организатором конференции старшим преподавателем французского языка Буриной Е.В. и ее студентами.

27 ноября приняли участие в международной междисциплинарной конференции «Актуальные проблемы отечественной истории и исторической науки: II половина XIX – начало XXI века» (III Батаевские чтения), выступили с докладами на секции «Проблемы межкультурной коммуникации и препода-

вания иностранных языков».

Лекции проходили каждый день с 9.00 до 17.00-18.00, в свободное время работали в научной библиотеке университета, побывали у памятника Абая около посольства Казахстана в России, на экскурсии в музей РУДН, обзорной экскурсии по Москве на автобусе, посетили Государственную Третьяковскую галерею.

В последний день пребывания в Москве был сильный мороз, он как бы напоминал нам, что пора возвращаться домой. Преподаватели, лекции, да и вся доброжелательная гармоничная университетская атмосфера оставила желание вернуться сюда еще раз.

В РУДН мы увидели другой мир, познакомились с интересными людьми, узнали о новейших направлениях в лингвистике, получили много опыта и впечатлений. Думаю, что эта стажировка стала значимым событием в жизни и профессиональной деятельности каждого из нас и будет хорошим стимулом для развития и самосовершенствования.

Н.К. ЛЫСЕНКО,
магистрант ЗКГУ им. М.Утемисова.

п 1 желтоқсан - ЖҚТБ-ға қарсы бүкіл дүниежүзілік күрес күні

1 желтоқсан ЖҚТБ-ға қарсы бүкіл дүниежүзілік күрес күні екені баршамызға мәлім. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген мәселелердің бірі - салауатты өмір сүру және оны насихаттау. Салауатты өмір салтын ұстану салауаттылыққа, тәтті және жанның тазалығына халықты дайындаудан басталмақ. Қазіргі таңда етек алған заманымыздың кеселі ЖҚТБ - өрбір адамнан бастап қоғамдық, мемлекеттік, тіпті әлемдік деңгейде үрей туғызып отырған қатерлі дерт. «Қауіп қайда деме, қыр астында» демекші аса қатерлі ЖҚТБ ауруы біздің елімізде де белең алып отыр.

СЕНІҢ ӨМІРІҢ - СЕНІҢ ТАҢДАУЫҢ!!!

Үстіміздегі жылдың 1 желтоқсан күні М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың №1 оқу ғимаратының фойесінде 1 желтоқсан - Дүниежүзілік ЖҚТБ-ға қарсы күрес күніне орай «Сенің өмірің - сенің таңдауың!!!» атты салауатты өмірді таңдау үгіт-насихат шарасы өткізілді. Бұл шараның мақсаты студенттерге ХХІ ғасыр кеселінің зиянын талай адамдардың жанын қиғанын айтып түсіндіру. Шара барысында студенттерге түсіндірме материалдары бар кітапшалар таратылды, сонымен қатар студенттерге сұрақтар қойылды.

1. Знаете ли вы опасности, связанные с употреблением наркотиков?

2. Наркотик и семья совместимы они?
3. АҚТҚ және ЖҚТБ дан қалай сақтану керек?
4. АҚТҚ-ның негізгі берілу жолдарын білесіз бе?
5. Знаете ли вы где пройти тестирование на ВИЧ?
6. Является ли употребление наркотиков вредной привычкой, с которой необходимо бороться?
7. Ты считаешь нужным пройти ВИЧ обследование?
8. Что такое наркомание?
9. Қауіпті ахуалдардан қалай аулақ болуға болады?
10. Бұл дерт туралы ойладың ба? - деген сынды қойылған сұрақтарға студенттер жауап берді. Осындай түсіндіру жұмыстары студенттеріміздің өмірге көзқарасын, салауатты өмір салтын ұстануға септігін тигізіп, аталмыш кесел жайындағы дерек деңгейлері толықтырылып, мәліметтерге қанықты деуге болады. Сіз бен біз болып келешек ұрпағымыздың болашағын ойлап, ғасыр дертіне қарсы күресейік! Сенің өмірің, болашағың өзіңнің қолыңда!

Альфия ЖАҚСЫҒАЛИЕВА, студенттік ректор.





10 декабря 2010 года в рамках деятельности Юридической Клиники ЗКГУ им. М. Утемисова, существующей при кафедре правовых дисциплин, был проведен круглый стол на тему «Защита прав человека: состояние, проблемы и перспективы».

В проведении круглого стола приняли участие представители государственных структур и неправительственных объединений в области обеспечения соблюдения прав человека, декан факультета истории и права, преподаватели кафедры правовых дисциплин и студенты ЗКГУ им. М. Утемисова специальности «юриспруденция», «основы права и экономики», «международные отношения».

Защита прав человека: состояние, проблемы и перспективы

Цель проведения круглого стола - полное понимание как демократии в деле, так и содержания прав человека - и не только среди чиновников, ни в широких слоях населения.

Основная задача - формулировка научно-теоретических, методических и прикладных предложений по результатам обсуждения проблем, вынесенных на круглый стол «Защита прав человека: состояние, проблемы и перспективы», организуемого юридической клиникой ЗКГУ им. М. Утемисова, кафедрой правовых дисциплин.

На круглом столе были обсуждены следующие вопросы:

1. Защита прав человека в рамках ООН (ратификация международных договоров РК).
2. Защита прав осужденных в пенитенциарной системе.
3. Применение пыток при задержании и допросе в отношении подозреваемых и обвиняемых.
4. Права инвалидов на социальную защиту.
5. Защита прав детей, как основа нравственного воспитания личности.

В начале круглого стола со вступительным словом выступил директор Юридической клиники ЗКГУ им. М. Утемисова, преподаватель кафедры правовых дисциплин, магистр юриспруденции Ауелбаев Заурбек Бактыбаевич.

Непосредственная работа круглого стола была начата докладом директора ЗКФ Казахстанского международного бюро по правам человека Кочеткова Павла Михайловича. В основном он затронул вопросы, связанные с нарушением прав при применении пыток. После чего ему были заданы вопросы по поводу деятельности Казахстанского международного бюро по правам человека, статистике нарушений за текущий год, в каких сферах в основном нарушаются права и какова процедура обращения в бюро. На все интересные вопросы Кочетков дал полный развернутый ответ.

Следующий выступающий - старший помощник прокурора области Мажитов Равиль Сидагатович. Он особое внимание уделил нарушениям прав человека при задержании, допросе и содержании в следственном изоляторе. Как правило, следователями, дознавателями нарушаются сроки содержания под стражей, не вносятся соответствующие записи в книги учета, что мешает своевременно реагировать на нарушения. Он также ответил на вопрос: «Что делать, и куда обращаться в подобных случаях?»

Затем с докладами выступили директор Департамента по защите прав детей ЗКО - Мәсәлімов Әли Хайдарұлы, начальник Западно-Казахстанской областной научно-производственной лаборатории судебной экспертизы - Абуов Алтынбек Галымгереевич. Особый интерес вызвал доклад председателя общественного объединения «Добровольное общество инвалидов ЗКО» Кожжанова Жумажана Кожжановича. В основном это касалось возможности получения полноценного высшего образования для людей с ограниченными возможностями.

Кроме того, были подготовлены и выслушаны доклады студентов ЗКГУ им. М. Утемисова - это студентка группы 07410 специальности «международные отношения» Алиева Сауле и студент группы 08302 специальности «юриспруденция» Ермольчев Илья.

После того, как все доклады были выслушаны и обсуждены были подведены итоги и рекомендации круглого стола:

1. Учитывая несоответствие законо-

дательных актов друг другу, а также международным соглашениям в сфере защиты прав человека, дальнейшее совершенствование законодательства в области соблюдения и обеспечения прав человека.

2. Зачастую права граждан и иных лиц нарушаются в результате их собственной правовой неграмотности, и нежелании отстаивать свои права, не веря в

справедливость закона и решений государственных органов. В связи с чем рекомендуется проведение правового всеобуча для населения с целью повышения правовой культуры.

3. Тесное взаимодействие государственных структур и неправительственных объединений в области обеспечения соблюдения прав человека.

4. Особое место уделить вниманию соблюдения прав и законных интересов граждан с ограниченными возможностями.

5. Предложение по размещению на областных каналах программ передач, посвященных соблюдению прав детей.

В завершении заключительное слово было сказано деканом факультета истории и права Абулкасовой Диной Бакытжановной. Она выразила благодарность всем участникам круглого стола и пожелала дальнейшего сотрудничества.

ВЛАСОВА Н.А.,
преподаватель кафедры правовых дисциплин.

«БҚМУ дарабозы» - нағыз мықтыларды анықтайтын доға

Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында қазақ халқының ұрпағы жаңа заманның тілін білетін, ағымымен бірге еріп жүретін интеллектуалды ұрпақ болуы керек деп айтқан болатын. Студенттердің ғылымға, білімге деген құштарлығын арттыру мақсатында қараша айының 26 жұлдызында университетішілік «БҚМУ дарабозы» атты интеллектуалдық сайысы оздырылған болатын. Сайысқа әр факультеттің білімге құштар, факультет десе қанаттары талмайтын пырақтары қатысты. Осынау аламанда небір сәйгүліктер факультеттерінің намысын қорғады. Жүргізушілер жарыстың басталғандығын жариялаған кезде барлығы өз ойларын жинақтап, ойларында, жүректерінде «Тек қана алға» деген ұранмен тұрды. Алғашқы кезең «Бәйге» деп аталды. Бұл тур мықтылардан мықтыларды іріктеп шығарды. Бұл кезеңде әр қатысушыға Қазақстан тарихы мен университетіміздің тарихынан 20 сұрақтан қойылды. Келесі кезең «Додада» интерактивті тақтаның көмегімен жүзеге асырылды. 30, 40, 50, 60 деп аталатын ұяшықтарда сұрақтар қойылып, дұрыс жауап берген жағдайда тиісінше әр сұрақтың нөміріне сай ұпай берілді. Бұл кезеңнен соң «Көкпар» турына ұпай

саны жоғары 6 сайыскер өткізілді. Елімізде үш тұғырлы тілдің меңгерілуін бақылау мақсатында арнайы ұяшықтар ішіне құрамынан бір сөз алынған мақал-мәтелдер жасырылған болатын. Сол сөзді анықтап, орыс және ағылшын тіліндегі баламасын табу сол кезеңнің негізгі шарты болды. Бұл кезеңнен сүрінбей өткен 3 қатысушы соңғы кезең «Тартысқа» жолдама алды. Бұл кезеңге тарих бөлімінің студенті Сағаденова Ұлжанай, дене шынықтыру және БӨД бөлімінің студенті Габдушев Данабек және қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенті Молдашова Айкүн өтті.

Қатысушыларға «Қазіргі студенттердің жағдайы қандай?» тақырыбында пікір-сайыс ұйымдастырылды. Әр қатысушы өз ойларын, өз ұстанымдарын жинақты жеткізе білді. Алайда, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3 курс студенті Айкүн Молдашеваның ойы өзге қатысушылардан ерекшеленіп тұрды. Шараны қорытындылаған әділқазылар алқасы барлық қатысушыларға алғысын білдіріп, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенті Айкүн Молдашеваның жеңіске жеткенін жариялады.

А.МҰРЗАБЕКОВ,
жаратылыстану бөлімінің 1 курс студенті.

п Біздің сұхбат

Астана қаласында өткен халықаралық «Шабыт» байқауында ең жас үміткер болып білім ордасының мерейін үстем еткен өрімдей 17 жастағы Жәңгірова Үміттің бағы жанып, «Дипломант» дәрежесімен марапатталды. Асқақ Астанадан жемісті жетістігімен оралған Үмітті құттықтап, біраз сыр бөліскен едік.

Шалқыған шабым

- Алдымен туған жеріңіз, өскен ортаңыз, білім алған алтын ұя - мектебіңіз жайында айтып өтсеңіз!

Менің туып - өскен ауылым - Аралтөбе. Балғын балалық шағымның қызықты күндері осы ауылда өтті. Туған жер - бұл кішкентай үйіңнің табалдырығынан бастау алады. Содан шексіз қыяға ерлеп кете барарсың. Өзімің туып-өскен ортам, кіндік қаным тамған туған жерімнен бойымдағы адамгершілік қасиетім, ақыл-ой парасаттылығым тамырласып жатыр деп ойлаймын. Туған жер, өскен ел, атамекен, атажұрт сияқты киелі сөздер әр азаматтың жүрегіне шуақ та, қуат та беретініне ешбір күмән жоқ, өйткені туған жер дегенде тұла бойындағы қаны қызбайтын, жүрегі елжіремейтін адам баласы бола қоймас. Мен де асыл мекенімді жүрегімнің түкпірінде сақтап, есімнен бір сөз шығармаймын.

Мен 7 сыныпқа дейін Аралтөбе орта мектебінде білім алдым. 5 сыныпты қаламыздағы С.Сейфуллин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатында оқыдым. Содан соң В.И.Шубин атындағы Правда орта мектебінің 9 сыныбын тамамдап, мемлекеттік тапсырыспен М.Өтемисов атындағы БҚМУ колледжіне оқуға түстім. Мектеп кезінде де, қазір де менің сүйікті пәндерім - математика және әдебиет пәндері. Менің анан мектепте математика пәнінен сабақ береді, сол себептен де болар мен математиканы сүйіп оқимын.

- Мамандығың қандай?

- Қазіргі таңда БҚМУ колледжінде «Ақпараттық жүйелер» мамандығының 2-ші курсында оқып жатырмын.

- «Шабыт» жайында біле отырсақ?

- Астана қаласында өткен ХІІІ Халықаралық жастар шығармашыл «Шабыт» фестиваліне қатысып келдім. Сайыс жоғары дәрежеде өтті. Фестивальға Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей, Корея және тағы басқа шет елдерден келді.

Бұл фестивальға қыркүйек айынан бастап дайындалдым. «Тіл - буынсыз, Ой түпсіз» атты кішкене ғана кітапшамды ала бардым. Әділқазы алқасының төрағасы Мәжіліс Қалижанов (ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі) болды. Амангелді Мырзабеков («Азаттық» радиосының редакторы, «Алаш» Халықаралық сыйлығының лауреаты), Қуат Әуезбай («Халық сөзі» газетінің редакторы), Бибігүл Жексенбай («ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, ҚР сыйлығының лауреаты», «7 арна» және «Эра ТВ» телеканалдарының бас директоры), Вадим Анастасияди («Вечерний Тбилиси» газетінің бас редакторы, Халықаралық сыйлықтардың лауреаты, Грузияның қоғамдық қызметкері) әділқазы алқасының мүшелері.

«Шабыт» фестиваліне 604 адам қатысты. Солардың ішінде 97 адам журналистика жанры бойынша бақ сынасты. Журналистика жанры бойынша қатысқан адамдардың барлығы өз істерінің шеберлері. Мен бұл фестивальде екі жүлдеге қол жеткіздім. Біріншісі, Халықаралық шығармашыл жастар фестивалі аясында өткізілген байқауда «журналистика» номинациясы бойынша «Дипломант» атана отырып, «Шабыт» медалімен марапатталдым. Екіншісі, «Ең жас және белсенді қатысушы» ретінде «Әділқазы алқасының арнайы сыйлығымен» марапатталдым. Соның ішінде қазақстандық Жаңа «7 арна» атынан «MP-3» флешка және «Алаш» Халықаралық сыйлығының лауреаты» Амангелді Мырзабеков өзінің «Сөз патшасы» атты кітабын сыйға тартты. Бұл байқау 3 кезеңнен тұрды және әділқазы мүшелері қатынасушыларға «Мастер класс» жүргізді. Байқау «Эстрада өнері», «Бейнелеу өнері», «Журналистика», «Поэзия», «Халық музыкасы», «Классикалық вокал», «Камералық ансамбль» номинациялары бойынша өткізілді. Байқау барысында осы аталған номинациялардың әділқазы мүшелерімен кездесу болып өтті.

«Журналистика» жанры бойынша байқау «Бейбітшілік және келісім» сарайында «Баспасөз орталығында» өткізілді. Мен бұл фестивальға қатысқаным өте қуаныштымын. Себебі, бұндай Халықаралық «Шабыт» фестиваліне қатысудың өзі бір ғанибет дүние емес пе?! Осы фестивальға баруыма көмек көрсеткен колледжіміздің дирекциясына және университет ректоратына алғысымды білдіремін.

- Шығармашылық жұмыспен қай уақыттан бері айналысаңыз?

- Мен бала кезден тілші болуды армандайтынмын. Неге екенін білмеймін, мені журналистика, соның ішінде баспа саласындағы журналистика қатты қызықтыратын. Бұл жолға түсуіме маған мектеп кезінде оқып жүргенде Аралтөбе ауылындағы қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалім көмектескен болатын. Әлі есімде, менің ең алғашқы мақалам аудандық «Қайнар» (қазіргі «Сырым елі») газетінде желтоқсан айында «Мен - тәуелсіз еліміздің ұланымын!» деген атпен жарық көрген болатын. Бұл мақаланы жазуға мектептегі ұстазым Айнагүл Анесқызы көмектескен еді. Сол кезден бастап мен мақала жазып бастадым. Менің әкем көлік жүргізушісі болып жұмыс жасайтын. Әкем аудан орталығына барғанда мен ылғида мақала беріп жіберіп тұратынмын. Міне, содан бастап мен мақала жазуды қолға алдым...

- Қандай тақырыптарға жазғанды жаныңыз қалайды?

- Негізгі әртүрлі тақырыпта жазғанды ұна-



тамын. Әзірге белгілі бір бағытты таңдамадым.

- Жұмыстарыңыз, мақалаларыңыз қандай басылымда жарық көріп жүр?

- Менің мақалаларым Сырым аудандық «Сырым елі» газетінде оқушы кезімнен бастап жарық көрде. Осы газетте редактор орынбасары қызметін атқаратын Мүсірбек аға маған облыстық «Дала дарындары» фестиваліне қатысуға мақалаларыма тақырып таңдауға көмектескен болатын. Мақалаларым облыстық «Айна», «Жайық үні», «Жайық ұстазы» газеттеріне шығып жүр. Және университетішілік «Өркен» газет беттерінде жарық көрде.

- Болашақтағы ой-жоспарыңыз қандай?

- Болашаққа жоспар қойғаным жоқ. Бәрін уақыт көрсете жатар. Алдымен оқуымды жақсы деген бағаға тамамдау.

- Жастар арасындағы қандай мәселелерге көңілің толмайды?

- Жастар арасындағы тіл мәселесі. Әрбір студент, әрбір жас - ертеңгі маман, ел болашағы. Сондықтан тілімізді шұбарламай, ана тілін жетік меңгеріп, еркін сөйлей білсе деймін. Өзін «қазақтың» дей тұрып, өзге еліктің жастарға қарап қынжыламын.

- «Шабыт» фестивалінен Дипломант, Әділқазылардың арнайы сыйлығына ие болып отырсыз. Бұдан басқа жетістіктеріңіз қандай?

- Мақала жазып бастаудан бұрын мектеп қабырғасында спорттың «Самбо», «Дзюдо» күрестерімен айналысқан едім. Облыстық жарыстарға келіп, көптеген дипломдармен марапатталып, жеңімпаз атанып жүрдім. 9 сынып оқып жүрген кезімді «Жайық-Урал» туристік-экологиялық экспедициясына қатысып, «Қазақстан Жас турист» тес белгісіне ие болдым. Колледжге келгені университетішілік командалық жарыстарға қатысып өз бағымды сынап жүрмін. Университетішілік мәдени-демалыс жұмыстарына қатынасып жүрмін.

- Өнерлі өрге жүзер деген, қаламың ұштала берсін. Жастардың жанына жақын жанашыры, халықтың қалауын дөп басып айтатын қалаулы қайсар қызы бол. Ата-ана, ұстаздарыңыздың сенімін ақтап, талай асуларды бағындыра беріңіз демекпіз.

«Өркен» газеті.





Университетімізде студенттік өзін-өзі басқару ұйымының 5 жылдығына арналған ғылыми конференция өтті.

Ағымдағы жылдың 8-желтоқсан күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде студенттік өзін-өзі басқару ұйымының құрылғанына

тақырыптарындағы баяндамаларын оқыды. Сонымен қатар пленарлық мәжілісте сөз алған университеттің Ұлы Отан соғысының ардагері П.Р.Букаткин,

жүйесінің патриотизмді дамытудағы рөлі», «Болашаққа құзиретті кадрларды даярлаудағы жоғары оқу орнындағы өзін-өзі басқару жүйесінің маңызы» баяндамаларын қорғады. Конференцияның бағдарламасы бойынша 96 баяндама оқылды. Конференция қорытындысында I секция

Өзін-өзі басқару жүйесіне - 5 жыл

5 жыл толуына байланысты «Жоғары оқу орындарында студенттік өзін-өзі басқару ұйымын құрудың тиімділігі, тәжірибесі, проблемалары мен перспективалары» атты республикалық конференциясы өтті. Конференцияның мақсаты – жоғары оқу орындарында студенттік өзін-өзі басқару жүйесін енгізудегі тәжірибе, 5 жыл бойы атқарылған жұмысты қорытындылау, студенттік өзін-өзі басқару ұйымының жеткен жетістіктерін мысалға ала отырып, студент-жастар арасынан көшбасшыларды дайындаудың нақты нұсқаулықтарын дайындау, белгілі бір әдістемелері бар ғылыми жұмыстардың жинағын шығару.

Конференцияның ашылу салтанатында Батыс Қазақстан облысы ішкі саясат басқармасы бастығының м.а. М.Қ.Төрегелдиев құттықтау сөз сөйледі. Конференцияның пленарлық мәжілісінде «Нұр Отан» ХДП қалалық филиалының I орынбасары А.А.Сарқұлов «Студенттік өзін-өзі басқару – жастарды ұлтжандылыққа және қоғамдық белсенділікке тәрбиелеудің тиімді құралы», Батыс Қазақстан облысы



тыл ардагері М.Ж.Жолдықайырова қазақ елінің тарихындағы орны ерекше шара болған ЕҚЫҰ Саммитінің Қазақстанда өткізілуін ерекше атап, әрбір жасты елінің осындай жетістіктерін мақтан тұтып, Отанның патриоттары болуға шақырды.

бойынша жүлделі I орынға - Кенжеева Гүлбану (Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университеті); II орынға – Ізтұрғанов Амандық (Жәңгір хан атындағы БҚАТУ); III орынға – Мұстафа Алмас (М.Өтемісов атындағы БҚМУ) ие болды. II секция бойынша жүлделі I орынға – Таудаева Эльмира (М.Өтемісов атындағы БҚМУ); II орынды Егізбаева Нұрия (Евразия Академиясы) және Каресов Медет (М.Өтемісов атындағы БҚМУ); III орынды - Ермеқалиев Тарас (М.Өтемісов атындағы БҚМУ); Бекжанов Оралбек (Жәңгір хан атындағы БҚАТУ); Абсаттырова Айымгүл (М.Өтемісов атындағы БҚМУ колледжі) иеленді. III секция бойынша жүлделі I орынға -Тлепбергенова Айзада (М.Өтемісов атындағы БҚМУ); II орынға - Оборова Татьяна (М.Өтемісов атындағы БҚМУ); Масаева Ксения (М.Өтемісов атындағы БҚМУ); III орынға – Макашева Сабрина (ҚазИТЖУ); Асылханова Елдана (М.Өтемісов атындағы БҚМУ); Балмұқанова Перизат (М.Өтемісов атындағы БҚМУ) ие болды.

Осы тұрғыда университет ректоры, академик Т.З.Рысбековтың «Саммит жұмысына сәттілік тілейміз» (Орал өңірі – 2010. 30 қараша) және студент жастарға сапалы білім беру саласын жетілдіру, университеттегі дәстүрлерді жалғастыру бағытындағы «Симбиоз модернизации и традиций» тақырыптарындағы (Приуралье-2010. 23 ноябрь) мақалалары жарияланды.

Пленарлық мәжілістен кейін конференцияға қатысушылар 3 секция бойынша: «Жастар - Елбасының саясатын жүзеге асыратын негізгі күш», «Өзін-өзі басқару

Ғылыми-практикалық конференциясының жұмысына «Нұр Отан» ХДП өкілдері, жоғары оқу орындарының проректорлары, оқытушылар, магистранттар, жастар қоғамдық бірлестіктерінің жетекшілері, жоғары оқу орындарының студенттері, облыстық (қалалық) білім беру басқармасының және біліктілікті арттыру институтының тәрбие үрдісіне қатысты мамандары қатысты. Конференция қорытындысы бойынша тәрбие жұмысын жүргізудің жаңа бағыттары, еркін әдістер, білім алушылардың тұлғалық дамуына көзделген ғылыми жұмыстардың жинағын шығару жоспарланып отыр.

Мейрамгүл СРАПИЕВА.

Біз бүкіләлемдік дертке айналған АҚТҚ/ЖҚТБ жөнінде не білеміз? Білгеніміз өзімізге жақсы, ал білмесек...

АҚТҚ - адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы, XX ғасырдың 80-жылдарының басынан бастап танымал. АҚТҚ ағзаға түскен кезде біздің аурудан және жұқпадан қорғайтын иммундық жүйені бұзады. Уақыт өте келе АҚТҚ-ны жұқтырған адам жиі ауыратын болады. ЖҚТБ диагнозы (жұқтырылған қорғаныш тапшылығының белгісі) жұққаннан кейін әдетте бірнеше жыл өткесін қойылады.

ЖҚТБ – адамның иммундық жүйесінің бұзылуынан пайда болатын ауру. Иммундық тапшылық әсері салдарынан бір немесе бірнеше қауіпті аурулар дамуы мүмкін (пневмония, туберкулез, рак және т.б.), бұл аурулармен адам ағзасы күресе алмайды.

АҚТҚ - ЖҚТБ-ның басты себебі болып табылатын індет. Егер жұқпаланған адамның қаны, шәуеті, қынап сұйықтары немесе ана сүті дені сау адамның қанына (инъекция, дене жарасы арқылы) немесе сілемейлі қабыншақтарына түссе, жұқпалану мүмкін. Тұрмыстық жағдайда жұқпалану мүмкін емес. Жұқпа жұқтырылған күнінен бастап ағзада өзінің бұзушылық жұмысын атқарады, иммундық жүйенің жасушаларын жаулап алады. ЖҚТБ диагнозы осы жасушалардың 80 пайызының бұзылуын білдіреді. АҚТҚ жұқпасын емдеуге арналған дәрі-дәрмек өлі ойластырылып табылмаған. Бірақ бүгінгі таңда науқастың өмір сапасын жақсартуы және өмірінің ұзақтығына әсер ететін дәрі-дәрмек бар.

«БІЗ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚОЛДАЙМЫЗ!»

атты би марафоны

Ашылу тарихы

ЖҚТБ-ның этиологиясының нәтижесінде адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы 1983 жылы ашылды. ЖҚТБ туралы ең алғашқы ғылыми ресми баяндама ретінде, гомосексуалистер адамдарда кездескен белгілі емес пневмоцистік пневмония және саркома Капоши туралы 1981 жылы шыққан екі мақала болып табылады. 1982 жылдың шілде айында алғаш рет жаңа ауыруға ЖҚТБ термині қолданы. Осы жылдың қыркүйек айында гомосексуалистер мен нашақорлар, А гомофилиясымен ауыратын адамдарда бірнеше қатар оппортунистік жұқпалар диагностикасы негізінде ЖҚТБ ресми түрде ауыру деген мағынада қолданады. 1981 жылдан 1984 жылға дейін ЖҚТБ-ның таралуының дамуы жыныстық қатынас арқылы және нашақорлықтың қауіпті екендігі туралы бірнеше жұмыс шықты. Оған қатар ЖҚТБ-ның індеттік табиғаты бар екендігінің гипотезасы бойынша жұмыс жүргізілді.

Адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышын 1983 жылы бір-бірінен бөлек екі лаборатория анықтады:

> Люк Монтанье басшылығының қол астында Францияда Пастер Институтында.

> Роберт Галло басшылығының қол астында АҚШ ұлттық рак институтында.

1983 жылдың 20 мамыр айында «Science» журналы зерттеулер нәтижесінде науқастардың ағзасында жаңа ретровирус кездескені туралы жазады. Бұл мақалаларда жаңа ашылған қоздырғыш HTLV топ қоздырғыштарына жататындығы мәлімдігін жазады. Зерттеушілер жаңа табылған қоздырғыш ЖҚТБ-ны тудыру мүмкіндігін ұсынды. 1984 жылдың мамыр айының 4-і күні зерттеушілердің хабарлауы бойынша, ЖҚТБ-мен ауыратын 72 адамның 26-ның лимфоциттерінен, пре-ЖҚТБ жағдайымен ауыратындар арасында 21-ден 18 науқастарда сол кезде HTLV-III атты қоздырғыш анықталған. Зерттеушілер 115 дені сау бақылау топтағы гетеросексуалдардың арасынан қоздырғышты таппады. Оның себебі Т4 лимфоциттардың санының аздығына байланысты, деді олар. Қоздырғыштың алғашқы атауы АҚТҚ атауына өзгертілді.

Вирустың берілуі

АҚТҚ ағзаның барлық биологиялық сұйықтықтарында пайда болады. Бірақ, зарарлануға қажетті қоздырушының керекті саны тек

қанда, шәуетте, қынапта, лимфада және ананың сүтінде (ананың сүті тек нәрестелер үшін ғана қауіпті – олардың асқазандарында АҚТБ-ны өлтіретін асқазан қышқылы өңделмейді) болуы мүмкін. Індет адамның қан және лимфоток арқылы тікелей қауіпті биосұйықтықтарының, сонымен бірге зақымдалған шырыш қабыршақтарына (бұл шырыштылардың сіңу қызметіне негізделеді) түсуі жолымен де болады. Егер АҚТБ-жұқпасының қаны басқа адамның қаны жүріп тұрған ашық жарасына түскенде жұқпаның әсері болмайды.

АҚТҚ – тұрақсыз вирус – ағзадан тыс ортада, қанның (шәует және қынаптың) кебуінде өледі. Індет тұрмыстық жолмен берілмейді. АҚТҚ 56 С градусынан жоғары жағдайында лезде өледі. Бірақ, тамыр арқылы инъекцияларда вирустың таратылуының дәрежесі өте жоғары – 95 %-ге дейін. Инемен шаншуда медперсоналға АҚТБ-ның жұғуы жолдары да тіркелген. Бұндай жағдайда, АҚТБ таратылуы жолдарының алдын алу мақсатында (пайыз үлестеріне дейін) дәрігерлерге жоғары белсенді антиретровирустік терапияның төрт апталық курстары тағайындалады. Химиопрофилактика, сондай-ақ жұқпалану қатеріне тәуелді өзге адамдарға тағайындалады. Химиотерапия вирустың ықтимал таратылуынан кейін 72 сағаттан аспай тағайындалады.

Әр түрлі көздер бойынша қорғалмаған жыныстық қатынастарында берілетін АҚТБ-ның таратылуы туралы мәліметтері өзгеше. Таратылуы қатері көбінесе қатынас типінен (қынаптық анустық, ауызбен) және серіктес рөліне (кіргізуші тарап/қабылдаушы тарап) қатысты болады.

Вирустың өзге биологиялық сұйықтықтарда сілекейде, көз жасында болуы өте төмен; сілекей, көз жасы, тері арқылы таратылу туралы ақпарат жоқ. Ананың сүтімен тамақтандыру жұқпаны тарату себебі болуы мүмкін, өйткені ананың сүтінде АҚТБ болады, сондықтан АҚТБ-мен ауыратын аналарға балаларын кеудесімен тамақтандырудан бас тарту қажет.

АҚТБ қан сорғыш машиналар және басқа құрт-құмырсқалар, ауа, қол алысу, сүйісу (кез-келген), ыдыс-аяқ, киімдер, ваннаны, дәретхананы, жүзу бассейнін пайдалану және т.б. арқылы таратылмайды.

Емді қашан тағайындайды?

Егер АҚТҚ оң нәтижелі адамға АҚТҚ-жұқпасына талдау өткізуден кейін бірден ем қабылданбаса, бұл, ол адамға ешкім жәрдемдеспейді немесе дәрігердің ол адамда жұмысы жоқ дегенді білдірмейді. Әдетте терапияны клиникалық симптом түрінде немесе иммундық мәртебеде қанның миллилитрінде 350-ден төмен CD-4 және қоздырғыштық жүктеме 50 мыңнан 60 мың көшірмесі болғанда тағайындайды. Көп жағдайда адамда АҚТҚ-ға бірінші рет талдау тапсырғанда көрсеткіштер басқа болып шығады. Ретровирусқа қарсы терапия дәрігердің тағайындауы, мамандардың қадағалауы бойынша нұсқаулыққа сәйкес қатаң түрде қолданылады. Егер дәрі-дәрмекті дұрыс тәртіпте қолданбаса, ол күшін жоғалтады. Сонымен қатар, ретроқоздырғышқа қарсы дәрі-

дәрмекті қабылдауда кері әсерлері байқалуы мүмкін. Дұрыс комбинацияны маман таңдауы қажет.

Дәрі-дәрмек күшінің нәтижесі, қоздырғыштың жүктеме терапиясында, яғни бірінші айда бірден төмендеуі және белгісіз болып келеді. Егер терапия кезінде қабылдауды ұзақ уақыт қолданса, иммундық мәртебе CD-4 саны лимфоциті қалыптасады, ал қоздырғыштың саны қанда көбеймейді.

Бұл қатерлі індет жайында біз білетін, біз білмейтін жайттар бар. Университетімізде осы бағытта нақты дерек көздері арқылы студенттерге үгіт-насихат жұмыстарымен іс-шаралар өткізіліп отырады. Осындай шараның бірі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «БҚМУ Студенттер кәсіподағы» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен жыл сайын дәстүрлі түрде АҚТҚ/ЖҚТБ дертіне қарсы күрес күніне орай «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» атты би марафоны өтті. Байқаудың мақсаты – ғасыр дәрі АҚТҚ/ЖҚТБ, оның зияны жөнінде студент-жастарға толық ақпарат беру, студент-жастардың арасында салауатты өмір салтын насихаттау болып табылады. Аталмыш би байқауына университеттің 2 институты мен 4 факультетінің студенттері қатысты. Байқау қорытындысы бойынша жүлделі I орынға – тарих және құқық факультетінің студенттерінен құралған «DJ STAR» би тобы ие болса, жүлделі II орынға – БҚМУ колледжінің студенттерінен құралған «Намыс» би тобы ие болды. Ал жаратылыстану – математикалық факультетінің студенттерінен құралған би тобы III орынды қанжығасына байлады. Ұйымдастырылған шара өз мақсатына жетті деп есептейміз. Өйткені, студенттер өткізілген шараға белсенді қатысып, өздерінің ғасыр дертіне айналған ЖҚТБ жайында өз ойларын би арқылы шебер көрсетуге тырысты. Ұшқыр ойлары мен ұбымда жұмыс жасай білетіндіктерін тағы да бір мәрте көрсете білді.

Студенттердің шығармашылықтарын дамыту, олардың өзекті мәселелерге деген көзқарастарын қалыптастыру мақсатында бұндай бағыттағы шаралар жиі өткізіліп, студенттердің арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтып қана қоймай, олардың бәсекеге қабілетті болуына да жол ашатынына сеніміміз мол.

Өз тілшіміз.





Денсаулық

Қазақта «ауырып өм іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген бір жақсы-ақ сөз бар. Өз өмірің, өз қолыңда. Оны қалай құрамың десең де өз еркің. Сәби кезде адам болғаныңша ата-ананың ықпалы зор болмақ. Қалай күтсең солай жемісін бөретін бақша ағаштары секілді, мектеп бітіріп кеткенше ата-ананың қарауында боласың. Ал студент атанып, үлкен өмірге қанат қаққаннан бастап сені ортаң тәрбиелейді. Ортаңдағы адамдар қандай болса, сен де солардың ықпалына үйреніп кетесің. Егер жақсы әрекеттерге үйренсең, онда өмірде өз орныңды табуға зор үлес қосады. Ал бойыңды алыс ұстауға тиіс әрекеттерді әдетке айналдырсаң, өзіңе ор қазғаның болмақ. Жап-жастайынан алкогольдік ішімдіктер ішіп алып аузынан «ақ ит кіріп, көк ит шығатын» не темекіні атасынан қалған астай сіміртіп тұратын жастарымыз да кездеседі. Қоғамның дамуына кері әсерін тигізетін мұндай әдеттердің қатары жылдан-жылға көбейіп келе жатыр.

Жыл сайын дүние жүзінде темекі шегудің салдарынан 4 млн. адам қайтыс болады екен. Мұны жыл бойына әр күн сайын 25 авиалайнер апатқа ұшырап, сол себепті түгел ажал құшқан пассажирлердің санымен салыстыруға болады. Бүгінде жер шарында 1,2 млрд. адам темекі шегетін көрінеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегі бойынша, 1997 жылы темекіден 3 млн. адам қайтыс болған болса, бұл көрсеткіш жыл сайын 33 пайызға өсіп отырған. Бұл – бұл ма? Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының есебіне жүгінетін болсақ, егер жағдай өзгермесе, онда таяу жылдарда жарты миллиард тірі адамның түбіне темекі жетіуі мүмкін көрінеді. Бұл қолайсыз мәлімдеме үрейлендіріп, үркіту үшін емес, нақты факт негізінде жасалып отыр. Ал, Қазақстанға келер болсақ, қазіргі уақытта 5 миллионға жуық адам темекі шегеді екен. Оның басым бөлігі орта жастағы адамдар болса керек.

Темекіні тұтатқаннан кейін, оның құрамындағы улы заттар, шылым шегу арқылы өкпеге енгеннен кейін денсаулыққа айтарлықтай қауіп төндіреді. Ол улы заттар, ауыз және өкпе арқылы қанның

5. Қол-аяқ тамырлары бірте-бірте бітеледі. (Гангренаға айналып, қол, аяқ кесілуге дейін барады).
6. Миды қамтитын тамырларда да қатаю пайда болып, клеткалары өледі және ол орнына қайтып келмейді.
7. Жүрек ауруларына (инфарк) шалдығады.
8. Тез қартайды, теріде әжім пайда бола бастайды.
9. Бел әлсіздігінің ең басты себебіне айналады.
10. Темекі өрттің шығуына да ықпал етеді. Соның кесірінен үй, орман өртеніп, адам өліміне де душар етуі мүмкін.
11. Темекі екіқабат әйелдерге зиян береді. Сырқат сәбидің дүниеге келуіне негіз болады. Тіпті, баланың өлі тууына да себеп болуы ықтимал. Түсік тастауға да алып келуі ғажап емес, т.б.
12. Бала емізетін әйелдерде никотин емшек сүтіне араласып, осы арқылы сәби ұланып, туберкулез, өкпе, мазасыздану, т.б. сырқаттарға ұшырайды.

Никотиннің залалсыздандырылуының көп мөлшері бауырда, сонымен қатар бүйрек пен өкпеде болады. Никотин және оның өнімдері шылымды шеккеннен кейін несеппен 10-15 сағат бойына бөлінеді.

Темекі түтінінің қауіпті қоспасы ысты газ болып есептеледі. Ол, шылым шегушінің жүрек ишемиялық ауруының дамуының ең басты себебі. Ысты газ біртіндеп уақыт өткен сайын адам дене мүшесіндегі оттегінің жетіспеушілігін тудырады. Ысты газ оттегіне қарағанда 250 есе жеңіл гемоглобинмен байланысқа түсіп, оттегіні гемоглобиннен ығыстырып тастайды. Бұл ауруды гипоксия деп атайды.

Темекіде смола заттарының көп мөлшері болады. Ол заттар шылым шеккенде дене мүшелеріне жеңіл түрде өтіп кетеді. Егерде адам күніне бір қорап темекі тартатын болса оның өкпесіне 700 гр смола түседі, оның құрамында 100-ге жуық әртүрлі канцерогендік заттар бары анықталған. Ол канцерогендік заттардың

БОЛАШАҒЫҢДЫ ӨЗ ҚОЛЫҢА АЛҒАЙСЫҢ

құрамына өтеді. Бұл заттарды үш топқа бөледі: никотин, смола заттары және ысты газ. Сонымен қатар темекі түтінінде синилдік қышқыл, канцерогенді және радиоактивті изотоптар бар.

Бұл заттардың ішіндегі бәріне белгілісі – никотин. Ол өкпеден қанайналым мүшелеріне өтеді де басқа әртүрлі органдарға жағымсыз әсерін тигізеді. Никотин – у, оны үлкен мөлшерде қолданғанда: тамыр соғуын жиілетеді, басты айналдырады, вестибулярлық аппараттың жұмысын бұзады, салқын тер шығып, құсықты тудырады және адам бозарып кетеді.

Никотин темекі өсімдігінен шыбын-шіркейлерден қорғалу үшін синтезделеді, сондықтан оны табиғи инсектицид деп те атауға болады. Егер де құстың (торғайлар немесе көгершіндердің) тек тұмсығына ғана никотинмен суланған шыбықты апарсаңыз-ақ болғаны олар өліп қалады. Үй қояны? никотин тамшысынан, ал ит? никотин тамшысынан өліп кетеді. Адамды өлтіруге никотин мөлшері 50-100 мг болса-ақ жетіп жатыр, немесе 2-3 тамшысы да жеткілікті. Бұндай мөлшердегі никотин 20-25 сигаретті тартқаннан кейін-ақ адамның қанының құрамында жиналады. Шылым шегіп жүрген адам не себептен бірден өліп кетпейді, себебі, ол сигаретті біртіндеп, ұзақ уақыт шеккендіктен тез өлуге душар болмайды. Оның тағы бір себебі темекінің құрамындағы никотиннің бір бөлігін басқа бір улы зат формальдегид нейтралдайды.

Шылымды ылғи тартудың салдарынан, өлімге апармайтын мөлшері, никотинге деген әдетті тудырып, шылым шегуге құмарлықты тудырады. Никотин адамның дене мүшелеріндегі зат алмасу құбылысына қатысып, бөлінбес бір бөлігі болып қалыптасады. Бірақ, егер бір реттік шылым шеккенде адам никотиннің көп мөлшерін алса, ол өлімге себеп болады. Улы заттар қан арқылы адам организмінде бар-жоғы 21-23 секундта айналып өтеді. Егер шылымшы сигаретті ұзақ сорып тұрмаса, онда никотин тіл және жақтың шырышты қабығы арқылы қанға өтеді.

Біз бір ескеретін нәрсе – бір бөлке нанның құны бұл күнде орташа есеппен 50 теңге тұрады. Бұл – бір адамды аштықтан аман алып қалатын тағам мөлшері. Ал, енді темекінің адамдардың денсаулығына зардабы қандай? Темекінің әр талы адам өмірін 12 минутқа қысқартатыны дәлелденген шындық көрінеді. Сондай-ақ, оның басты зияндылықтарын айтар болсақ, төмендегідей тізім пайда болады:

1. Ерін тіл және өңеш рагына жол ашады.
2. Ас қорытуды қиындатады, тәбетті қайтарады.
3. Асқазанда жара пайда болуына көп әсері бар.
4. Өкпе мен көмекей рагына ұшыратады.

(қатерлі ісік тудыратын заттар) ішіндегі ең қауіптісі бензпирен болып есептеледі.

Осы, жуық араға дейін никотин темекінің нөмір бірінші улы заты деп саналып келген болса, қазіргі күні бірінші орында темекінің радиоизотоптары болатындығы анықталды. Темекі түтінінің радиоактивті заттары өкпе талшығында, сүйек мүжігінде, лимфа түйіршіктерінде, ішкі бездерде жинақталады да айлап, мейлі жылдап, ұзақ уақыт бойына сыртқа түзіліп шықпай, өздеріне сай зиянды әсерлерін жалғастыра береді. Темекі радиоизотоптарынан әсіресе полоний-210 және қорғасын-210 қатерлі ісіктерді тудыратын ең басты улы заттар болып табылып отыр. Бұл заттар темекі шегушілердің генетикасын зақымдайтын ең негізгі себептер. Адамды 200 рет рентгенге түсіргенде денеге өтетін радиациялық мөлшерді, адам күніне 20 сигарет тарту арқылы-ақ қабылдап жатады.

Шылым шегудің зияны туралы бірнеше қызықты оқиғалар:

1. Темекінің түтіні автомобильдердің шығаратын зиянды заттарынан да 4 есе көп зиянды болады.
2. Бір куб миллиметр темекі түтіні 3 млн. ыстың бөлшектерін құрайды.
3. Әрбір сигарет денедегі 25 мг С витаминін нейтрализдейді, бұл дегеніміз бір апельсиннің құрамындағы С витаминіне тең болады.
4. Герман ғалымдарының зерттеуінше бір сигарет адам өмірін 12 минутқа кемітеді.
5. 20 сигар тарту арқылы, адам күніне бір сигареттің түтінінен 580-1100 есе артық кір ауамен дем алғандай болады.
6. Темекі тартатын адамның өкпесі темекінің түтінінен смолаға ұқсап кетеді. Бір жылда темекі тартқыш адамның өкпесіне 800 г. темекі смоласы жиналады.
7. Егерде адам 15 жасынан бастап темекі тартса, оның өмір сүру жасы 8 жылға қысқарады. 15 жасында темекі тарта бастаған адамдар 5 есе көп өкпе қатерлі ісігінен қайтыс болады, 25 жасында темекі тарта бастаған адамдарға қарағанда.
8. 70 жыл бойы адамның 2575 млн. рет жүрегі соғады. Ал, темекі шеккеннен кейін жүректің соғуы жиілейді де жұмыс істеуі жылдамдайды. Егерде адам күніне 20 сигар тартса, оның жүрегі 10 сағат бойына жүрегі жиілеген соғумен жұмыс істейді. Сондықтан, оның жүрегі 70 жылдық 2575 соғуды, әрине одан қысқа уақытта соғып бітіреді. Сондықтан да темекі тартқан адамның өмірі қысқа болады.

Ғаламтор көздерінен жинақтаған Г.БИЯШЕВА.

Саясат

